

«Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Абай облысының лингвистикалық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-нің арасындағы ынтымақтастық туралы

МЕМОРАНДУМ

Келісімнің мақсаты

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесін 2023 жылға қарай 93%-ке, 2024 жылға қарай 94%-ке кезең-кезеңімен арттыру міндеттелген. Сондай-ақ мемлекеттік органдардағы қызметкерлердің қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалайтын ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы диагностикалық және сертификаттық тестілеуге қызметкерлерін қазақ тілі курсына тарта отырып, мемлекеттік тілді меңгеруге қол жеткізуге өзара сенімділік, өзара көмек көрсету мақсатында осы Меморандумды жасады.

Келісімге отырушы тараптар келесі бағыттар бойынша өз күштерін біріктіреді:

1.«Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Абай облысының лингвистикалық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесітарапынан:

1.1 2023-2024 оқу жылдары лингвистикалық орталық базасында ақысыз кезең-кезеңімен ҚАЗТЕСТ диагностикалық тестілеуді өткізуге, тіл меңгеру деңгейін анықтауға;

1.2 2023-2024 оқу жылдары базалық (А2) деңгейді растаған Облыстық қан орталығы (бұдан әрі мекеме) қызметкерлеріне ақысыз түрде (аптасына екі рет 1 сағат 20 минут) 120 сағаттық мемлекеттік тіл курстарын жүргізуге;

1.3 Курс бағдарламасына сәйкес сабақ кестесін құрастыруға;

1.4 Қажетті техникалық құралдармен жабдықталған дәрісханамен қамтамасыз етуге;

1.5 Оқу үдерісін сапалы ұйымдастыруға;

2. «Облыстық қан орталығы» ШЖҚ КМК-нің тарапынан:

2.1 Мекеме қызметшілерінің мемлекеттік тіл курстарына жүйелі қатысуын қадағалауға;

2.2 Қажетті техникалық құралдармен жабдықталған дәрісханамен қамтамасыз етуге (мекемеде өтетін жағдайда);

2.3 Ай сайын өткізілген курстың сабағы туралы орындалған жұмыс актісін беруге міндеттеледі;

2.4 Тыңдаушылардың сабаққа қатысуы мен тіл меңгеруіне қатысты ақпаратты алуға құқылы;

2.5 Мекеме басшысы курсты бітіріп шыққан қызметкерлерді ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ҚАЗТЕСТ ақысыз диагностикалық немесе сертификаттық тестілеуінен өз есебінен ақылы өтуін қамтамасыз етуге міндеттеледі.

ҚАЗТЕСТ-тің сертификаттық тестілеу ақысы 8263 теңге. Тестілеу ақысы ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығына төмендегі реквизиттер бойынша төленеді.

ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК реквизиттері: 010011, Астана қ., родниковая көшесі, 1/1 БСН 000140001853, ЖСК KZ536010111000001515, БСК HSBKKZKX КБе 16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ТМК 861


3. Меморандум күшінің мерзімі

3.1 Осы Меморандум қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Меморандум бойынша бірлескен қызмет түрі 2023 жылдың қыркүйегінен 2024 жылдың мамыр айына дейін жалғасады.

3.2 Меморандум 2 данада жасалды.

Тараптардың заңды мекенжайы:

«Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Абай облысының лингвистикалық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Абай облысы, Семей қаласы,
Абай көшесі, 86.
Тел.: 8-7222-52-63-46

 3.Р.Исабаева
«__» __ 2023 жыл

Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық кан орталығы» ШЖҚ КМК
Абай облысы, Семей қаласы,
Сеченов көшесі, 4/3
Тел.: 8-7222-42-37-65


А.Б. Альжанова
«__» __ 2023 жыл